

# 10 дәріс

## ➔ XVIII – XIX ғ.ғ. аралығында қазақ халқы мәдениетінің қалыптасуы

Орындаған: 8D03102–мәдениеттану мамандығының 2-  
курс докторанты Есболова М.А.

XVIII ғасыр “ақындар поэзиясы ғасыры” деп аталған. Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің өте құнды мұралары — ақын-жыраулардың өлең-жырларында халықтың өмір тіршілігі, көңіл-күйі, салт-санасы, өндірісі мен тұрмысы, мінез-құлық өлшемі, сол дәуірдің рухы бейнеленді. Олар халық басына келген қайғыға да, жұрт кенелген мерейге де ортақ болды. Ел басына ауыр күн туғанда шапқыншы жауларға қарсы жан аямай күресіп, елін қорғаған ерлерді дастан етіп жырлап отырды. XVIII ғасырда танымал болған Ақтамберді, Тәттіқара, Үмбетей, Бұқар, Шал, Көтеш секілді жыраулар өз өмірінде ұшан-теңіз жыр шығарды. Қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алатын XVIII ғасырдағы атақты жырау Бұқар Қалқаманұлының (1668-1781) бірнеше шығармалары сақталған. Ол тәуелсіздікті сақтау және нығайту идеясын білдірген көрнекті дидактикалық өлең-толғаулар шығарған.

# Бұқар жырау Қалқаманұлы (1693-1787)



- Бұқар жырау Қалқаманұлы (1693–1787) – әйгілі жырау. Туған жері қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданы. Өз елінде қайтыс болған, моласы Далба тауында. Абылай ханның ақылшы-биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп атаған. Сөйлегенде үнемі қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болған. Көбіне көп Абылай ханның өтінішімен, «сәуе айтшы» деген тілегімен түсінде көрген істерін болжап айтады екен, бұлары дәлмедәл келіп отырған. Жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білген.

85 а/503  
587

# Бұқар жырау



Энциклопедия қазақ халқының ұлы жырауы, философ, шешен, еліміз тарихында өшпес із қалдырған Бұқар жырау Қалқаманұлының өмірі мен саяси, әлеуметтік, тарихи еңбегіне арналған.

Бұл энциклопедияда жыраудың ғақлиялары, толғаулары, мазмұны терең даналық сөздері, сол замандағы қазақ қоғамының тарихи жағдайы, қазақы сана, дәстүрлі ортасы көрініс тапқан.

Бұқар жырау тұлғасына арналған бұл энциклопедияның басты мақсат-мұраты – қазақтың рухани кемелдігіне қызмет ету деп білеміз.

## ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

**Көшпелі** мал шаруашылығына күрделі еңбек құралдары керек болған жоқ.

➔ Жылқы ұстау үшін құрық, арқан пайдаланылды, қайыстан немесе жылқының жал-құйрығынан тұсау мен шідер жасалды, құлын мен бота байлауға жуан арқан мен ноқта пайдаланылса, мал суғаруға науа мен қауға пайдаланылды

➔ XVIII ғасырдың аяғында қазақ даласына орыстардың қыста шөп дайындауға арналған шалғылары біртіндеп тарала берді. Ал, XIX ғасырдың орта шенінде шалғымен қоса темір айыр да кеңінен қолданыла бастады.

Қазақ ханы Абылайды қолдап, әр түрлі даулар мен таластарды шешкен.

Жырау қазақтың барлық үш жүзін біріктіріп, бір орталыққа қараған күшті мемлекет болуын армандады. Тәттіқара, Үмбетей, Шал, Көтеш сияқты жыраулардың жырлары халық жадында үзік-үзік сақталған.

Үмбетейдің Бөгенбай батырдың қайтыс болуына арналған естірту жыры - жоқтауы белгілі. Үмбетей жоқтауында Бөгенбай - халық қорғаушысының мінсіз бейнесі.

Ал Тәттіқара ақын қатардағы жауынгер ретінде көптеген шайқастарға қатысып, жорықта туған толғауларында жауынгерлерді бостандық жолындағы күресте қандай да болсын қиыншылықтың алдында бас имеуге шақырады.



Салт атқа арналған әбзелдерді қоспағанда қазақтың мал шаруашылығына және егіншілікке байланысты негізгі еңбек құралдары Қазақстанның бүкіл аумағында бір-бірімен ұқсас болды. Қазақтың ат-тұрман әбзелінің ішіндегі ердің сыртқы түрі мен дайындау тәсілінде жергілікті ерекшеліктер байқалады. Ердің ең көп таралған түрі - қайыңнан шауып жасалған, алдыңғы қанаты кең “қазақ ері” болып табылады. Оңтүстік Қазақстанда ердің “құранды ер” дейтін түрі таралған. Ер-тұрман әбзелдерін жасау, негізінен, ершілердің ісі болған. Олар тек қана ердің өзін емес, сонымен бірге бүкіл ат әбзелдерінің бәрін - тоқым, құйысқан, өмілдірік, жүген, айыл, үзеңгі, таралғы, қамшы және т.б жасап, оларды әсемдеп, көркемдеп отырған. Сондай-ақ қайыстан ат-тұрман әбзелдерін өретін шеберлерді “өрімші” деп атаған.



Қазақтардағы көшпелі тұрмысқа бейім шаруашылықтың үстемдігі алуан түрлі қолөнерінің - тоқымашылықтың, киіз басудың, ағаш, металл, тері, сүйек және мүйіз өңдеудің дамуына себепші болды.

Тоқымашылықпен және киіз басумен көбіне әйелдер айналысты, олар негізінен алғанда үйге керек-жарақтардың тоқымашылық пен ісмерлікке қатысты заттарын: кілемдер, алашалар, шекпендер, киіз үй ішіндегі алуан түрлі басқұрлар, бау-шулар, текеметтер, сырмақтар, аяққаптар және т.б



Мал шаруашылығына негізделген қазақтардың тұрмысы олардың ішетін тамақтары мен ыдыс-аяқтарынан айқын көрінеді. Негізгі тамақтары ет-сүт өнімдері болды.

Қазақтар ыдыс пен керек-жарақтарды көбінесе сынбайтын материалдардан: ағаштан, теріден, киізден және шұғадан жасаған.

Олар: торсық, саба, күбі, қазан, таба, ожау, астау, ағаш табақтар, мес, мал сауға арналған көнек және т.б. Көшкен кездерінде ыдыс-аяқты сыртқы беті түрлі-түсті құрақтармен өрнектелген арнаулы киіз қаптарда (аяққаптарда) сақтаған.

Сусымалы мал өнімдері үшін тоқыма қаптар дайындаған. Сүр ет пен сары майды ағаштан жасалған кебежелерде


- XVIII ғасырдың аяғында қазақ даласына орыстардың қысқа шөп дайындауға арналған шалғылары біртіндеп тарала берді.
- XIX ғасырдың орта шегінде шалғымен қоса темір айыр да кеңінен қолданыла бастады. Қазақстан аумағында суармалы және тәлімді егіншіліктің ежелгі ошақтары ертеден болып келген еді. сыған байланысты қазақтарда егіншілік құралдарының қарапайым түрлері болды.
- Мәселен, тіс ағаш, мала, егін оратын орақ, ағаштан жасалған аша, ағаш күрек, сыпыртқы егіншілік құралдарына жатады. Егісті суару үшін суды көтеріп шығаратын әртүрлі аспаптар – атпа, шығыр, сондай-ақ кетпендер мен күректер пайдаланылды, оларды жергілікті ұсталар өздері істеді.

- ➔ А.Құнанбаев пен Ш.Уәлиханов ХІХ ғасырдағы екі үлкен білім жүйесінің өкілдері болды: діни (мұсылмандық) және зайырлы (орыстық).
- ➔ Мектеп пен медреселерде діни білім беріліп, молдалар мен мұғалімдер даярланды. Медреселерде теологиялық діни білім философия, тарих, әдебиет, астрономия, медицина, математика, лингвистика пәндерін оқытса, зайырлы оқу орындары қазақтарды Ресейге қызмет ету мен орыс мәдениетіне қызығушылық жолдарына салды.
- ➔ Олар отарлау аппараттарына шенеуніктер, аудармашылар, оқытушылар, әскерилер, дәрігерлер даярлады.




- Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1904) өзі туған ортадан шоқтығы биік тұрды. Оның пікірінше, әрбір ойлы адам қоршаған өмір шындығына өзінің саналы көзқарасын қалыптастыруға тиіс. Абайдың бүкіл шығармашылығы әрекетсіздік пен жалған ұятқа деген ымырасыздық идеяларына толы. Ол ел ішінде бірлік пен татулық болғанда ғана қоғамның негізгі күштері - ғылым, алдыңғы қатарлы идеялар, мәдениет толық көлемде дами алады және бүкілхалықтық игілік әкеледі деп санады. Қоғамды алға дамыту жолдарын үнемі іздестіріп отырды. Яғни, бұл даму егіншілікті, қолөнерді, сауданы дамытумен тығыз байланыстырылды. Ұлы ақын: Егіннің ебін, Сауданың те гін Үйреніп, ойлап, мал ізде” деген болатын. Сол сияқты ақын орыс әдебиеті мен мәдениетімен таныс болды. М.Ю. Лермонтов, А.С.Пушкин, Н.Крылов шығармаларын аударумен шұғылданды. Орыс әдебиеті үлгілерін қазақ халқы арасына тұңғыш таныстырушы болып, олардың өскелең идеяларын насихаттады.

## Шохан Уәлиханов (1835-1865)



1856 жылы Ш.Уәлиханов екі экспедицияға қатысады. Біреуі Орталық Тянь-Шань арқылы Алакөлден Ыстықкөлге дейінгі, екіншісі - дипломатиялық тапсырма бойынша Құлжаға сапар. 1857 жылы Уәлиханов Алатау қырғыздарына тағы да сапар шегіп, қырғыз халқының энциклопедиялық дастаны “Манасты” көшіріп алды. Ыстықкөлге экспедиция кезінде Ш.Уәлиханов тарихи деректермен қатар көненің көзі - ерте заман бұйымдарының құнды үлгілерін жинады. “Ыстықкөлге барған сапардың күнделігі”, “Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы”, “Қырғыздар туралы жазбалар” деген тарихи-этнографиялық туындылары жоғарыда аталған сапарларының нәтижесі болатын. Ш.Уәлихановтың ғылыми қызметі Орыс географиялық қоғамының назарын аудартып, 1857 жылдың ақпанында ол қоғамның толық мүшелігіне қабылданады. Оның ғылыми мұрасы Қазақстанның және көп ұлтты Ресейдің, басқа да халықтардың проблемаларының өзекті тұстарын қамтиды. Шоқан Орта Азия мен оған іргелес жатқан аймақтар халқының географиясын, этнографиясы мен фольклорын зерттеуге де үлкен үлес қосты.

# Ыбырай Алтынсарин (1841-1889)



Орынбордағы зайырлы оқу орындарының бірін 1857 жылы танымал жаңашыл-педагог, ағартушы Ы.Алтынсарин аяқтайды.

Ы.Алтынсарин (1841-1889) бастамасымен және тікелей қатысуымен Қазақстанда халықтық азаматтық мектептер желісінің құрылуына қол жеткізілді. Ол, әсіресе, қолөнер және ауылшаруашылығы училищелерін ашуға көп күш-жігер жұмсап, байырғы халық арасынан Қазақстанның экономикалық дамуы үшін қажетті мамандар даярлауға ерекше мән берді.

Ы.Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінің оқушыларына арнап “Қырғыз (қазақ) хрестоматиясы” және “Қырғыздарға (қазақтарға) орыс тілін үйретуге алғашқы басшылық” атты оқу құралдарын жазды.

Орыс кластарына қазақ тілінен сабақ беріп, ол ұлттық әдебиет пен мәдениетті дамыту, қазақ әдеби тілін қалыптастыру жолында жемісті еңбек етті.

XIX екінші жартысында Қазақстандағы музыка өнерінің дамуына үлес қосқан көптеген ақын, әнші, композиторлардың шығармашылық және орындаушылық шеберлігі арқасында қазақ ән мәдениетінің классикалық үлгілері дамып, жоғары дәрежеге көтерілді (Домбыра, қобыз, сыбызғы сияқты музыкалық аспаптар арқылы түрлі эпостарды, тарихи дастандарды, аңыз-әңгіме мен жырларды орындап отырды).

Құрманғазы Сағырбайұлы

Дәулеткерей Шығайұлы

Тәттімбет Қазанғапұлы

Ықылас Дүкенұлы

Біржан Қожақұлы

Мұхит Мералиев

Ақансері Қорамсаұлы

Жаяу Мұса Байжанұлы

Құлтума Сармұратұлы




Ғұмыр бәйгесінде  
біздің қазақ тілі өз  
бәйгесін алар!

Әлихан Бөкейханов

ЖНАР

ӘЛИХАН  
НҰРМУХАМЕДУЛЫ  
БӨКЕЙХАНОВ  
(1866-1937)  
(АЛАШОРДА АВТОНОМИЯЛЫҚ  
ҮКІМЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ)





- Екі ғасыр арасында қазақтың ұлттық санасының оянуына үлкен әсер еткен тұлғаның бірі — Әлихан Бөкейханов. Ол қазақ хандарының тікелей ұрпағы, ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі, қазақтың алғашқы саяси партиясының басшысы, қазақтың бірінші ұлттық үкіметі — Алашорданың көсемі еді.
- Әлихан Бөкейханов сан қырлы қоғамдық қызметтерімен бірге қазақтың рухани мәдениетін алғашқы зерттеушілердің қатарында танымал.
- Ол Абайдың шығармашылығы туралы тұңғыш мақаланы жариялады, қазақ эпосы мен фольклоры жөнінде әлі күнге дейін ғалымдарды өзінің ой тереңдігімен таң қалдыратын еңбектер жазды
- Әлихан мен Міржақып
- Ахмет Байтұрсынов
- Мағжан Жұмабаев
- Жүсіпбек Аймауытов
- Сұлтанмахмұт Торайғыров секілді алаштың арыстары өз күресінде халқының ғасырлық мұрасынан қашанда күш-қуат алып отырды.

**БОЛМАСАҢ ДА ҰҚСАП БАҚ, БІР ҒАЛЫМДЫ КӨРСЕҢІЗ**

**ҮШ  
АҒАРТУШЫ**



Исхак  
Бекназаров  
(1870-1918)



Абдурахман  
Нұрғалиев  
(1870-1918)



Абдурахман  
Нұрғалиев  
(1870-1918)

**ҮШ  
ЖҮЗДІН  
БИЛЕРІ**



Абдурахман  
Нұрғалиев  
(1870-1918)



Абдурахман  
Нұрғалиев  
(1870-1918)



Абдурахман  
Нұрғалиев  
(1870-1918)

**ҮШ  
БӘЙТЕРЕК**



Абдурахман  
Нұрғалиев  
(1870-1918)



Абдурахман  
Нұрғалиев  
(1870-1918)



Абдурахман  
Нұрғалиев  
(1870-1918)

**БЕС АРЫС**



Нұрғали  
Нұрғалиев  
(1870-1918)



Жұмалиқ  
Абдурахман  
(1870-1918)



Шәкәрім  
Құдайбердіұлы  
(1855-1913)



Мұсақарлы  
Дулатұлы  
(1860-1930)



Ахмет  
Байтұрсынұлы  
(1872-1937)

**ПОРТАЛ ГРАФИКИ И ДИЗАЙНА  
NAMELEONS.COM**

# ★ ҚАЗАҚТЫҢ ★



## БЕС АРЫСЫ



MyShared

# Бес арыс



**ШӨКӨРІМ  
КУДАЙБЕРДИҮЛЫ**  
1858 – 1931

акын, прозаик,  
аудармашы,  
пәлсапат



**МАҒЖАН  
ЖУМАБАЕВ**  
1893 – 1938

акын,  
аудармашы



**МИРЖАКЫШ  
ДУЛАТОВ**  
1885 – 1935

тұңғыш  
романшы,  
акын



**АХМЕТ  
БАЙТУРСЫНОВ**  
1873 – 1937

тұңғыш филолог,  
ғылым, акын  
аудармашы




**ЖҮСШЕБЕК  
АЙМАУЫТОВ**  
1889 – 1931

Акын, аудармашы,  
драматург




# Ахмет Байтұрсынов

(1873-1938)



Қазақ тілі білімінің іргетасын қалаушы, ірі ғалым, ағартушы педагог, сөз күдіретін танытқан танымал ақын, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен талантты публицист, туған халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған мәдениет қайраткері.



# Жүсіпбек Аймауытов

(1889-1931)



Аймауытов, Жүсіпбек (1889—1931) — казактын көрнекті жазушысы, казак әдебиетін қалыптастырушылардың бірі. Туып өскен жері Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы «Қызыл ту», қазіргі Жүсіпбек Аймауытов ауылы. Әкесі Аймауыт кедей болғанымен, арғы аталары Дәндебай мен Қуан атақ-абыройлы, бай, ел арасында білікті кісілер екен.

Жүсіпбек жастайынан арабша хат тану, оқу үйренген. 1907 ж. бастап Баянауылдағы орысша-казакша екі кластық мектебінде, Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауыл шаруашылық мектебінде, Керекудегі екі класты орыс казак мектебінде тиіп-қашып оқиды. Бір жағынан бала оқытып, қаражат табады.

1911—1914 жж. ауылда мұғалім болып істейді. 1914 жылы Семейдегі оқытушылар семинариясына қабылданады.

## Шәкәрім өмірі мен шығармашылығынан мағлұмат беру.



1858 жылы ШҚО Абай ауданы, Шыңғыстау өңірінде туылған

1866 жылы әкесі қайтыс болғаннан соң атасы Құнанбай мен ағасы Абайдың тәрбиесінде болды.

7 жасынан бастап, өлең жаза бастайды, кейіннен Шығыс поэзиясынан нәр алады, орыстың ақын-жазушыларының шығармаларын аударды

Домбыра тарту, гармон ойнау, ән салу, саятшылық құру өнерлерімен айналысады, араб, парсы, түрік тілдерін меңгереді

Өмірінің соңғы кезінде оңаша ой қорыту ретінде саятшылықпен айналысады.

Ел, жер тану мақсатында 1905-1906 жылдары Меккеде сапарда болады. Стамбул кітапханасында жұмыс істейді.

1909-1910 жылы Шыңғыстау өңірінде Шақпақ деген жерде оңаша қалып, қоғамдық құбылыстар мен өзгерістерді саралауда көптеген өлеңдер жазды.

1917 жылы дүбірлі кезеңде әділет жолы деп ұғады, халқымен бірге болады. Осы рухта күткен үмітін баспасөз беттерінде мақала ретінде жариялап отырды. Алаш партиясының мүшесі болды.

1931 жылы 2 қазанда 73 жасында жол үстінде атылады. “Қарулы бандылар тобымен байланысты” деген жалған айып тағылады.

# Міржақып Дулатов

(1885-1935)



Көзімді аты, аты қатаң, ментер басым,  
Өткізібей қараңдыда бекер жасамы.  
Жер келгені, өле шынармен, хал арам бол,  
Қарағым, енді жетің марамас-ты.







**Мағжан Бекенұлы Жұмабаев** (1893-1938) - қазақ әдебиетінің көгіндегі ХХ ғасырдың басында жарқырай жанған жарық жұлдыздарының бірі, текті ақыны.

Туған жері - бұрынғы Ақмола губерниясының Ақмола уезіндегі Полуденовский болысы (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы). Әкесі Бекен (Бекмағанбет) орта дәулетті, өзінің әділдігімен, адамгершілікті парасатымен ел арасында беделі жоғары адам болған. Көп жылдар болыс болған. Мектеп ашып, мұғалім ұстап, өз балаларының оқуына қамқорлық жасайды.

*Бес арыс деген атпен ел есінде  
қалған ақын-жазуларымыздың  
қазақ әдебиетінде алар орны зор.*

*Бірі тұңғыш қазақ әліпбиін  
жасаса, енді бірі тұңғыш қазақ  
романын жазып шықты. Одан да  
басқа артына мол мұра қалдырып  
кеткен арыстарымыздың елеулі  
еңбектері ұлан –ғайыр.*

Қазак әдебиетінің  
«Үш бәйтерегі»



Сәкен Сейфуллин



Бейімбет Майлин



Лияс Жансүгіров

## *Үш бәйтерек*

**Қазақ халқы «Үш бәйтерек» деп атап кеткен Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин қазақ әдебиетіне айтулы ақын, қарымды қаламгер, дарынды драматург ретінде үлкен үлес қосты. Олардың қаламынан Қазақстанның дарқан даласы, өндіріс орындары мен еңбек адамдарының іс - әрекеттері, өмірге деген күштарлықтары, болашаққа үміт – сенімдері кеңінен көрінді.**

**Ұлт руханиятын даңқты туындыларымен, тақырып байлығымен, жанрлық қырларымен, көркемдік әлемімен байытты.**



Қазақ авторларының кітаптарын шығару ұлғайды. Петербургте, Қазанда, Орынборда, Ташкентте Абай Құнанбаевтың, Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Әбубәкір Диваевтың және көптеген басқалардың шығармалары басылып шықты. 1912 ж. Семейде қазақ тіліндегі кітаптарды шығаруға мамандандырылған «Жәрдем» баспаханасы құрылды. Қазан революциясына дейін қазақ тілінде шамамен 700 атаулы кітап (қайта шығарылғандарын есептемегенде) басылып шығарылды. Сайып келгенде өзгерістер қазақ қоғамы мәдениетінің барлық жақтарын шарпыды.

Алайда, халыққа осы рухани байлақтар мен мәдениет жетістіктерінің бәрі бірдей жете қойған жоқ. Бұған халықтың жаппай сауатсыздығы, мәдени-ағарту мекемелерінің өте аздығы, царизмнің отаршылдық саясаты зардапты әсер етті.

Қазақстан халқының барып тұрған сауатсыздығы 1897 ж. халық санағын жүргізу барысында, ол ең алдымен сұралғандардың орысша оқи білетіндігін ғана жазып белгілегенімен, айқын аңғарылады. Ана тіліндегі сауаттылық сұраққа жауап қайтарушы орысша оқи білмейтінін айтқан жағдайда ғана белгіленді. Алайда санақ материалдары жекелеген халықтардың сауаттылық дәрежесін қамтып көрсете алмады. 1897 ж. санақ материалдары бойынша өлке халқының 8,1 проценті ғана сауаты барларға жатқызылды, еркектердің сауаттылары олардың 12 процентін, әйелдердің сауаттылары —3,6 процентін құрады. Әліппелік сауаттылықтың біршама жоғары дәрежесі қоныс аударушылардың негізгі бөлігі тұратын солтүстік-шығыс губернияларынан байқалды.

Діни білім беру жүйесінде медресенің ықпалы зор болды. Олар молдалар, мектеп оқытушыларын даярлады және міндетті түрде мешіттер жанында жұмыс істеді. Медресенің үлгісіне қарай олардағы оқу мерзімі — үш жылдан төрт жылға дейін созылды. Олардың шәкірттері ісләм дінін үйренумен қатар, философиядан, астрономиядан, тарихтан, лингвистикадан, медицинадан, математикадан мағлұматтар алды.

Бұл ортадан қазақ мәдениетінің А. Құнанбаев, С. Торайғыров, М. Жұмабаев, Б. Майлин және басқалар сияқты аса ірі қайраткері шықты.

- Азаматтық тұңғыш қазақ мектебі Бөкей Ордасында Жәңгір ханның инициативасымен 1841 жылдан жұмыс істей бастады. Бұл мектептің оқушылары орыс тілін, математиканы, географияны, шығыс тілдерін, сондай-ақ ісләм дінін оқып-үйренді. Қазақ балаларына арналған келесі оқу орны Орынбор қаласында Шекаралық комиссия жанынан ашылған жеті жылдық мектеп болды.

1850 жылы осы Орынбор Шекаралық комиссиясы жанынан тағы бір азаматтық мектеп ашылды. Жұмыс істеген 19 жыл ішінде ол 48 адамды оқытып шығарды. 1857 ж. бұл мектепті Ы. Алтынсарин табысты бітіріп шықты.

Бастауыш және орта оқу орындары шәкірттерінің құрамында қазақ балаларының саны шамалы ғана болғанды. Айталық, 1911 ж. Верный ер балалар гимназиясында 316 орыс және бар болғаны 10 ғана қазақ баласы оқыды. 1912 ж. мәліметтері бойынша Сырдария облысында 56 орыс-жергілікті халық училищесі болса, оларда 3 мың жергілікті тұрғындардың балалары білім алды. Ал бұл олардағы барлық оқушылар санының 2 процентін ғана құрады.



Қазақ әдебиеті тарихында қазақ поэзиясының дамуы үш кезеңге бөлінеді:

*Жыраулар кезеңі* (XV ғасыр-  
XVIII ғасырдың бірінші жартысы).

Ақындық кезең (XVIII ғасырдың екінші жартысы — XIX ғасырдың бірінші жартысы).

Айтыс кезеңі (XIX ғасырдың екінші жартысы — XX ғасырдың басы).



## ЖЕТІ ЖАРҒЫ

Бізге түгел болмаса да келіп жеткен қазақ әдет-ғұрып құқығының ірі жинақтарының бірі — Тәуке ханның "Жеті Жарғы" заңы. Бірақ бізге бұл заң жинағының ХІХ ғасырда Г. Спасский мен А.И. Левшин жазып қалдырған кейбір фрагменттері ғана жеткен. Дегенмен де, ХVІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ қоғамында қолданылған құқықтық нормалардың анализі кейбір зерттеушілерге "Жеті Жарғы" жеті бөлімнен құралған деген негіз береді. Олар:

- 1) Жер дауы;
- 2) Жесір дауы;
- 3) Неке-отбасы қатынастарын реттейтін құқықтық нормалар;
- 4) Сотта іс жүргізу тәртібін реттейтін құқықтық нормалар;
- 5) Әскери іс және мемлекетті басқару саласындағы құқықтық нормалар;
- 6) Айып төлеуді көздейтін қылмыстық құқық нормалары;
- 7) Құн төлеуді көздейтін қылмыстық құқық нормалары.

Салт дәстүр дегеніміз - халықтың жөн-жоралғылардың, ұстанымдардың жиынтығы. Салт-дәстүрлер халықтың өмір-тұрмысынан, шаруашылық-тіршілігінен, қалыптасқан қоғамдық қатынастарынан, дүниетанымынан туындайтын мәдени құбылыс. Әдет-ғұрып ұзақ тарихи мерзімде біртіндеп қалыптасып, халықтың санасына сіңіп, қай ұлттың болсын ұлттық болмысын құрайды және оны басқа этностардан ерекшелендіреді

Қазақ әдет-ғұрыптарын олардың қоғамдағы атқаратын қызметіне қарай

отбасылық

қауымдық-  
қоғамдық

Отбасылық ғұрыптарға баланың дүниеге келуі, ержетуі, келін түсіру, Қыз ұзату және өлген адамды жөнелту жатады.

Қауымдық-қоғамдын ғұрыптарға бүкіл қауым болып өткізетін, жалпы қоғамдық мәні бар әдет-ғұрыптарды жатқызуға болады. Мысалы, наурыз тойы, құрбан айт, ораза айт, ас беру, т.б

➔ XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырда қазақтардың рухани және материалдық мәдениетінде көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс-салтына байланысты дәстүрлі ерекшеліктер сақталып қалды.

➔ 1867-1868 жж. әкімшілік реформасы Ресейдің қазақ жеріндегі саяси-әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық үстемдігін нығайту болса, ал қоныс аударушы орыс шаруаларын жаңа елдерде өзінің саяси-әлеуметтік тірегіне айналдыра отырып, қазақтардың рухани және мәдени дамуына ықпал жасау арқылы оларды орыстандыру, шоқындыру негізінде империяның тұтастығын күшейтуді.